

1. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ АТАУЫ, ӨТКІЗІЛЕТІН КҮНІ МЕН ОРНЫ, ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ КЕЛУ ЖӘНЕ КЕТУ КҮНІ

1.1. Жарыстың атауы: «2026 жылғы маусымдағы қыздар командалары арасындағы футболдан Қазақстан Республикасының Чемпионаты» (бұдан әрі – Жарыс) келесі жас санаттары бойынша өткізіледі:

«Zhuldyz League» - 2010 – 2011 ж.т. үлкен емес.

«Balgyn League» - 2012 – 2013 ж.т. үлкен емес.

«Umit League» - 2014 – 2015 ж.т. үлкен емес.

1.2. Жарыстың мақсаттары мен міндеттері:

- Қазақстан Республикасында әйелдер футболын дамыту;

- футбол клубтарының қыздар командаларындағы ойыншылардың сапалы оқу-жаттығу процесін жүзеге асыру үшін Жарыстың жүйелі өткізілуін қамтамасыз ету;

- жас ойыншыларды оқыту және тәрбиелеу;

- футбол ортасында жыныстық белгілері бойынша, нәсілдік, діни, ұлттық тиістілік мәселелерінде кемсітушілікті бақылау және оған жол бермеу;

- командалардың ойыншылардың Жарысқа қатысуы үшін қарастырылған медициналық-санитарлық қамтамасыз ету және допингке қарсы ережелерді сақтауы;

- Қазақстан Республикасында футболды жанкүйерлер, кең жұртшылық, бұқаралық ақпарат құралдары мен іскер топтар арасында насихаттау;

- жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау, қорытынды турнирлік кестеде командалардың иеленген орындарын белгілеу.

1.3. Жарыстарды жалпы ұйымдастыруды, өткізуді және олардың өткізілуін бақылауды Қазақстан футбол федерациясы (бұдан әрі – ҚФФ) жүзеге асырады.

1.4. Жарыстарды тікелей ұйымдастыруды, өткізуді және басқаруды ҚФФ-ның Балалар мен жасөспірімдер және әйелдер футболы бойынша жарыстарды өткізу дирекциясы (бұдан әрі – БЖФД) ҚФФ-ның Әйелдер футболы бөлімімен (бұдан әрі – ӘФБ), Элиталық жасөспірімдер футболы және таланттарды анықтау бөлімімен (бұдан әрі – ЭЖФЖАТ), сондай-ақ Жарыстың әрбір кезеңінің (турының) Төрешілер алқасын құратын ҚФФ-ның Төрелік ету, инспекциялау және VAR-ды дамыту департаментімен (бұдан әрі – ТЖД) бірлесіп жүзеге асырады. Төрешілер алқасының құрамына Жарыстың Бас төрешісі, Жарыс хатшысы, Төраға және/немесе Жергілікті футбол федерациясының (қауымдастығының) (бұдан әрі – ЖФФ) Төрешілер комитетінің атынан өкілдік ететін өзге де тұлға кіруі тиіс. Төрешілер алқасының құрамына сондай-ақ БЖФД, ӘФБ, ЭЖФЖАТ және ТЖД қызметкерлері кіруі мүмкін.

Жарыс ЭЖФЖАТ бөлімі іске асыратын Қазақстан Республикасының футбол таланттарын анықтау және дамыту ұлттық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Жарыс матчтарын ЭЖФЖАТ бөлімі Қазақстан Республикасының жасөспірімдер/әйелдер құрама командаларына кандидаттардың ұлттық пулын қалыптастыру және жаңарту мақсатында келешегі бар ойыншыларды бақылау, талдау және бағалау үшін ресми платформа ретінде пайдаланады. ЭЖФЖАТ бөлімі Жарыс матчтарына орталықтандырылған және өңірлік бақылауды, соның ішінде ұлттық және өңірлік скауттарды тарта отырып жүзеге асыруға, сондай-ақ матчтардың бейнематериалдарын талдау және әдістемелік мақсаттарда пайдалануға құқылы.

1.5. Төрелік ету Халықаралық футбол қауымдастықтары кеңесі (IFAB) бекіткен «Футбол ойыны қағидаларының» қолданыстағы редакциясына сәйкес жүзеге асырылады.

1.6. Әр турға Жарыстың Бас төрешілері мен хатшыларын ҚФФ-ның Төрешілер комитеті тағайындайды. Жарыс ойындарына төрешілерді тағайындауды ЖФФ-ның Төрешілер алқасы жүзеге асырады.

1.7. Жарыс матчтарына Жарыстың Бас төрешісі мен хатшысы, сондай-ақ ҚФФ-ның Төрешілер комитеті аттестаттаған төрешілер тағайындалады. Әрбір матчқа матч төрешілері, матч төрешісінің ассистенттері, сондай-ақ қажет болған жағдайда резервтік төреші тағайындалады.

1.8. Әрбір белгіленген турдың басталуы алдында Жарыстың Бас төрешісі стадионның және тиісті қызметтердің матчтарды өткізуге дайындығын тексеруге және анықталған бұзушылықтардың дереу жойылуына қол жеткізуге міндетті.



1.9. Жарыстың әрбір белгіленген туры аяқталғаннан кейін барлық қажетті құжаттар келесі күні тапсырыс хатпен мына мекенжай бойынша пошта арқылы жіберілуі тиіс: 010000, Астана қ., Бауыржан Момышұлы даңғылы, 5а, 2-қабат, 205-кабинет, «Қазақстан футбол федерациясы», ӘФБ. Сондай-ақ Жарыстың әрбір матчының толтырылған қорытынды хаттамасы электрондық түрде мына электрондық пошта мекенжайына жіберілуі тиіс: regwomen@kff.kz

Матч хаттамалары мен есептемелердің көшірмелері ағымдағы маусым аяқталғанға дейін Жарыстың Бас төрешілерінде және/немесе хатшыларында сақталуы тиіс.

1.10. Әрбір жас санатындағы Жарысқа қатысушылардың сандық құрамын ҚФФ-ның уәкілетті органы бекітеді.

1.11. «Zhuldyz League» және «Balgyn League» матчтарының хаттамасына 11-ден көп емес негізгі және 9-дан көп емес қосалқы ойыншы енгізілуі мүмкін. Матч барысында матч хаттамасына енгізілген ойыншыларды 7 рет ауыстыруға рұқсат етіледі. Қайта ауыстыруға (кері ауыстыруға) тыйым салынады. Матчтарды өткізуге арналған стандартты футбол алаңдарының өлшемі 100 м X 60 м-ден кем болмауы, қақпаның өлшемі 7 м 32 см X 2 м 44 см, доптың өлшемі №5 болуы тиіс.

1.12. «Umit League» матчының хаттамасына 9-дан көп емес негізгі және 9-дан көп емес қосалқы ойыншы енгізілуі мүмкін. Қайта ауыстыруға (кері ауыстыруға) рұқсат етіледі. Матчтар өлшемі кішірейтілген футбол алаңдарында өткізіледі (68-72 м X 56 м, қақпаның өлшемі – 2 X 5 м, доптың өлшемі - №4). Команданың құрамы: 8 ойыншы + 1 қақпашы. Айып алаңдары футбол алаңына қосымша сызылады, оның өлшемі әр бағанадан бұрыштама жалаушаларына қарай 12 метрді және қақпа сызығынан алаң ішіне қарай 12 метрді құрайды. «Пенальти» тебу нүктесі қақпа сызығынан 9 метр қашықтықта белгіленеді. Ойыншы алаңнан қуылған жағдайда, команда матч аяқталғанға дейін аз құрамда қалады. Бір командада 4 және одан да көп ойыншы қуылған жағдайда, матч тоқтатылуы тиіс. Ойын тоқтатылғаннан кейін допты ойынға қосу «Футбол ойыны қағидаларының» қолданыстағы редакциясына сәйкес жүзеге асырылады.

1.13. Жарысты өткізу мерзімдері: 2026 жылғы сәуір-қазан айлары. Ойындар күнтізбесі, әрбір жас санатындағы пішім, өткізілетін күндері мен жерлері барлық жас санаттарындағы Жарысқа қатысушылардың сандық құрамы анықталғаннан кейін БЖФД және ӘФБ бірлесіп бекітеді.

1.14. «Zhuldyz League» жарысын өткізу кезінде матч хаттамасына команда үшін 2009 жылы туған 3-тен көп емес ойыншы енгізілуі мүмкін, олар матчқа бір мезгілде қатыса алады. Бұл ретте, 2010–2011 ж.т. командасының өтінім парағына 2009 жылы туған ойыншылардың шектеусіз санының тектері енгізілуі мүмкін.

1.15. Матчтардың ұзақтығы:

- «Zhuldyz League» (әрқайсысы 45 минуттық 2 тайм, үзіліс – 15 минут);
- «Balgyn League» (әрқайсысы 45 минуттық 2 тайм, үзіліс – 15 минут);
- «Umit League» (әрқайсысы 30 минуттық 2 тайм, үзіліс – 10 минут).

2012-2015 ж.т. үлкен емес жас санаттарында Жарысты өткізу кезінде БЖФД спорттық нәтижеден гөрі ойыншыларды дамыту басымдығын негізге алады. Аталған жас санаттарында Жарыс, бірінші кезекте, оқу-жаттығу процесінің элементі және келешегі бар ойыншыларды анықтау кезеңі ретінде қарастырылады. ЭЖФЖАТ бөлімі ойын уақытының теңгерімділігін, құрам ротациясын және ойыншылардың ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуге және клубтардың назарына жеткізуге құқылы.

1.16. Жазғы айларда (маусым - тамыз) Жарыс матчтары жергілікті уақыт бойынша сағат 8:00-ден 13:00-ге дейінгі және 16:00-ден 21:00-ге дейінгі мерзімде өткізілуі тиіс.

1.17. Қазақстан Республикасындағы эпидемиологиялық жағдайға байланысты Жарыс матчтарын ұйымдастыру кезінде қосымша шарттар және/немесе шектеулер қолданылуы мүмкін. Қосымша шарттардың және/немесе шектеулердің тізбесі осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын Қазақстан аумағында жарыстарды өткізу хаттамасында көрсетіледі.

1.18. Осы Ережеде көзделмеген, Жарысты өткізу барысында туындауы мүмкін мәнжайлар бойынша шешімді БЖФД ӘФБ-мен бірлесіп қабылдайды.

2. ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАР, СПОРТТЫҚ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

2.1. Жарысқа қатысуға өз заңды тұлғасының құрылымында «Футбол орталығы» және/немесе «Футбол академиясы» (бұдан әрі – ФО және ФА) балалар-жасөспірімдер мен жастар футболының оқшауланған бөлімшесі бар футбол клубтарының қыздар командалары, Бірінші және Екінші лига футбол клубтарының даярлық топтарының қыздар командалары, осы Ереженің талаптарын сақтай отырып, «ҚФФ-ның балалар-жасөспірімдер футбол құрылымдарын санаттарға бөлу және лицензиялау жөніндегі регламентінің» қолданыстағы редакциясының талаптарына сәйкес келетін жеке (әуесқой) футбол мектептерінің қыздар командалары жіберіледі.

2.2. ҚФФ ұйымдастыратын жарыстарға қатысу үшін «Қазақстан Республикасының футбол клубтарын лицензиялау қағидаларының» қолданыстағы редакциясының талаптарына сәйкес лицензиялау рәсімінен өткен және Жарысқа қатысуға жіберілген Премьер-Лига футбол клубтарының ФО және ФА қыздар командаларының Жарысқа қатысуы міндетті болып табылады.

2.3. Жарысқа азаматтықты растайтын құжаттың (паспорт/жеке куәлік) негізінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын ойыншылар қатысады. Жарысқа қатысу үшін «ҚФФ-ның ойыншылардың мәртебесі және ауысуы жөніндегі регламентінің» қолданыстағы редакциясының талаптарына сәйкес тіркеу рәсімінен өткен, Қазақстан Республикасының азаматы емес ойыншылар мәлімделе алады.

2.4. 2026 жылғы маусымда Freedom QJ League-ге қатысу құқығын иеленген футбол клубтарының қыздар командалары «Zhuldyz League» жарысына қатыспауына болады.

2.5. Жарыстың белгілі бір кезеңінде (бір шығу/тур) «Zhuldyz League» және «Balgyn League» командасының сандық құрамы 20-дан кем емес ойыншыны құрауы тиіс. «Umit League» жарысында команданың сандық құрамы 18-ден кем емес ойыншыны құрауы тиіс. Жарыстың әрбір матчында клуб командасының құрамына міндетті түрде кемінде екі жаттықтырушы, сондай-ақ команда дәрігері кіруі тиіс. Командада дәрігер дәлелді себептермен болмаған жағдайда, жаттықтырушылардың бірінде алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша медициналық курстардан өткені туралы сертификат болуы тиіс.

2.6. БЖФД ӘФБ-мен бірлесіп, қатысушылардың сандық құрамы өзгерген жағдайда, сондай-ақ Жарыстың өткізілу сапасына әсер етуі мүмкін басқа да факторлар туындағанда, Жарыстың өткізілу форматына, Ойындар күнтізбесіне және өткізілетін қалаларды тағайындауға өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

2.7. Команда өкілдері матч басталғанға дейін 60 минут бұрын матчтың (электрондық) хаттамасына ойыншылардың тектері мен есімдерін, олардың ойын нөмірлерін көрсете отырып енгізуге міндетті. Жарысқа қатысушы әрбір ойыншының жанында жеке басты куәландыратын құжаты болуы тиіс. Жеке басын растау мақсатында Жарыстың бас төрешісі және/немесе матч төрешісі ойыншының (ойыншылардың) жеке басын куәландыратын құжатты талап етуге құқылы. Матч хаттамасына команданың бас жаттықтырушысы мен дәрігері қол қояды. Матч хаттамасын электрондық форматта міндетті түрде толтыру туралы талаптар енгізілген жағдайда, БЖФД және/немесе ӘФБ қыздар командаларының менеджерлеріне, Жарыстың бас төрешілеріне және төрешілерге нұсқаулық беруді қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда командалар матчтың электрондық хаттамасын алдын ала, бірақ матч басталғанға дейін 60 минуттан кешіктірмей толтыруға міндетті.

2.8. Матч кезінде клубтың ресми тұлғалары арнайы бөлінген орындарда, техникалық аймақта болуы тиіс.

2.9. Жарысқа қатысу үшін командалар екі түрлі форманы: негізгі және қосымша форманы мәлімдейді. Ойыншылардың футболкаларында өкілдік ететін клубтың эмблемасы

болуы тиіс. «Футбол ойыны қағидаларына» сәйкес ойыншылар матчтарды жіліншік қаптармен өткізуге міндетті.

2.10. Жарыстың белгілі бір турың ұйымдастырушы клуб әрбір матчтың онлайн-трансляциясын ойнайтын командалардың атауын, таймер мен есепті (техникалық мүмкіндік болған жағдайда қауіпті сәттердің қайталануымен) көрсете отырып, KFF ZHASTAR YOUTUBE-арнасында жүргізуге міндетті. Әрбір матчтың трансляциясы 720р-ден төмен емес шамамен қамтамасыз етілуі тиіс. Ұйымдастырушы клуб матчқа қатысқан командалардың жаттықтырушыларына тур аяқталған күннен бастап 3 күнтізбелік күн ішінде бейнежазбаны (DVD форматында) ұсынуға міндетті. Түсіру ракурсы футбол алаңының 2 айып алаңын толық түсіруді қамтамасыз етуі тиіс. Әрбір матчтың жазбасында командалар алаңға шыққаннан бастап командалар мен төрешілер алаңнан кеткенге дейінгі бүкіл матч (соның ішінде ойын үзілген кездегі футбол алаңындағы және стадион мінберлеріндегі қоғамдық тәртіпті бұзу жағдайлары) тіркелуі тиіс. Ұйымдастырушы клуб БЖФД және/немесе ӘФБ және/немесе ЭЖФЖАТ бөлімі және/немесе ТЖИД талабы бойынша матчтың жазбасын ұсынуға міндетті.

Жарыс матчтарының бейнежазбаларын ҚФФ және оның құрылымдық бөлімшелері мынадай мақсаттарда пайдалана алады:

- келешегі бар ойыншыларды анықтау және мониторинг жүргізу;
- командалардың дайындығына әдістемелік талдау жасау;
- жаттықтырушыларға, төрешілерге және мамандарға арналған білім беру бағдарламалары үшін;
- даулы және тәртіптік жағдайларды қарау.

2.11. Жарыстың белгілі бір турың ұйымдастырушы клуб ҚФФ-ның ресми интернет-ресурстарында жедел орналастыру үшін жауапты қызметкердің әрбір матчты ақпараттық сүйемелдеуін (фото, қысқа бейнелер, ойыншылармен, жаттықтырушылармен қысқа сұхбаттар (флеш-интервью) және т.б.) қамтамасыз етуге міндетті.

2.12. Жарыстың барлық кезеңдеріне қатысатын қонақ клубтар келу күніне дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей Жарысты ұйымдастырушы клубқа келу және кету күнін, уақытын, команданың санын, сондай-ақ команда орналасатын жерлерді хабарлауға міндетті. Ұйымдастырушы клуб Жарысты өткізу кезінде қонақ клубтарға командаларды орналастыру мәселесінде көмек көрсетуге міндетті. Егер қонақ клубтың командасы ұйымдастырушы клубпен келісілген жерден басқа жерге орналасатын болса, онда қонақ клуб бұл факт туралы Жарыс кезеңі басталғанға дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей ұйымдастырушы клубты жазбаша түрде хабардар етеді. Ұйымдастырушы клуб уақтылы құлақтандырылмаған жағдайда, орналастыруға байланысты шағымдар қарауға қабылданбайды. Қонақ клубтың келу күні мен уақыты туралы хабарланбаған жағдайда, ұйымдастырушы клуб аталған клубты күтіп алу үшін көлік бермеуге құқылы.

2.13. Жарыстың әрбір кезеңіне Ойындар күнтізбесін қалыптастыру кезінде – командалардың келу күні бастапқы күн ретінде көрсетіледі. Командалардың кету күні Жарыстың белгілі бір кезеңіндегі соңғы ойыннан кейінгі келесі күнге тағайындалады.

2.14. Егер командаларды Жарыстың белгілі бір кезеңіне іссапарға жіберу кезінде жөнелту пунктiнен межелi қалаға дейiнгi жол жүру уақыты 12 сағаттан асатын болса, Клубтар команданың әуе көлігімен (авиакөлікпен) жол жүруін қамтамасыз етуге міндетті.

2.15. Әуе немесе теміржол көлігімен жол жүру мүмкіндігі болмаған жағдайда және автомобиль көлігімен жол жүруді ұйымдастыру қажет болғанда, Қонақ клубтар команданың Жарыс өткізілетін елді мекенге дейінгі және кері қарай бүкіл жол жүру уақытында ілесіп жүруін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығымен бекітілген «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларының» 12-тарауының талаптарына сәйкес қамтамасыз етуге міндетті.

2.16. Барлық жас санаттарындағы командалардың орындары әрбір жас санатындағы Жарысты өткізу пішіміне сәйкес барлық кездесулерде және/немесе әрбір кезеңде (турда) бөлек жиналған ұпайлардың ең көп саны бойынша анықталады. Матчтағы жеңіс үшін – 3 ұпай, тең ойын үшін – 1 ұпай, жеңіліс үшін – 0 ұпай есептеледі.

Екі және одан да көп команданың ұпайлары тең болған жағдайда, орындар келесідей анықталады:

- жеңістердің ең көп саны бойынша;
- өзара ойындардың нәтижелері бойынша (ұпайлар саны, жеңістер, соғылған және жіберілген доптардың айырмасы, соғылған доптардың саны);
- соғылған және жіберілген доптардың ең жақсы айырмасы бойынша;
- соғылған доптардың ең көп саны бойынша;
- матч хаттамаларына енгізілген бұзушылықтар үшін айып ұпайларының ең аз саны бойынша (ескерту – 1 айып ұпайы, алаңнан қуу – 5 айып ұпайы).

Осы тармақтағы барлық көрсеткіштер басымдық тәртібімен көрсетілген, яғни есептеу кезінде басымдық алдыңғы көрсеткішке беріледі.

Барлық көрсеткіштер толық тең болған жағдайда, командалардың орындары жеребе арқылы анықталады.

3. МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

3.1. Медициналық-санитарлық талаптарды сақтау қажеттілігіне сәйкес, Жарыстың барлық қатысушылары барлық ойыншылардың тереңдетілген медициналық тексеруден (бұдан әрі – ТМТ) өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

Жарысқа қатысу үшін өтінім науқанынан өту кезінде клубтар әрбір ойыншыға ТМТ көшірмесін, жазатайым оқиғалардан сақтандыру туралы сақтандыру куәлігінің көшірмесін, сондай-ақ ағымдағы жылы ойыншыларды медициналық тексеруден өткізген медициналық мекеме дәрігерінің қолымен және мөрімен куәландырылған жүректің УДЗ (ультрадыбыстық зерттеу) көшірмесін ұсынуға міндетті.

3.2. Жарыстың белгілі бір кезеңін ұйымдастырушы клуб Жарысты өткізу кезінде медициналық персоналы және барлық қажетті реанимациялық жабдықтары (дефибриллятор мен өкпені жасанды желдету аппаратының болуы міндетті) бар жедел медициналық жәрдем машинасын (реанимобиль) қамтамасыз етуге міндетті, ол матч басталғанға дейін 30 минут бұрын келуі және матч аяқталғанға дейін стадионнан кетпеуі тиіс.

3.3. Жарыстың белгілі бір кезеңін ұйымдастырушы клуб қатысушыларға арнайы бөлінген орында болуы тиіс білікті медицина қызметкерінің (дәрігер) қажетті алғашқы медициналық көмек көрсетуін қамтамасыз етуге міндетті. Аталған медицина қызметкері Жарыста жүрген жедел медициналық жәрдем машинасы дәрігерінің міндеттерін бір мезгілде атқармауы тиіс.

3.4. Командалар Жарысқа қатысушылар үшін көзделген допингке қарсы қағидаларды сақтауға тиіс.


4. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАРҒА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМДЕР БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ, ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ШАРТТАРЫ

4.1. Футбол клубының атынан ӘФБ-ға өтінім құжаттамасын ресімдеуге тек клуб менеджеріне және/немесе клубтың балалар мен жасөспірімдер футболын дамыту бағдарламасының жетекшісіне ғана рұқсат етіледі.

4.2. ҚФФ-ға ұқсас құжаттарды қайталап тапсырмау үшін Клуб бұрын ұсынылған құжаттардың заңды күшін растайтын кепілдік хат ұсына алады.

4.3. Өтінім құжаттамасын ресімдеу кезінде келесі құжаттар ұсынылады:

- ҚФФ-ның патронаттық рөлін жазбаша растау және осы Ережені құрметтеу мен сақтау, сондай-ақ футбол клубының Жарысқа қатысуына қатысты ҚФФ-ның, оның құрылымдық бөлімшелерінің барлық нұсқаулары мен көрсетпелерін орындау міндеттемесі;
- 3 данадағы өтінім парағы. Өтінім парағына ойыншылардың шектеусіз санының тектері, сондай-ақ клубтың басшылық, жаттықтырушылар құрамы және команданың қызмет көрсетуші персоналы енгізіледі;
- ойыншыны клубқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі;



- жаттықтырушылар мен дәрігерді клубқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі;
- жеке басты куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі. Қажет болған жағдайда, құжаттың түпнұсқасын БЖФД және/немесе ЭФБ қосымша талап етуі мүмкін. Жарысқа қатысу үшін алғаш рет мәлімделетін ойыншылар үшін, сондай-ақ құжаттың қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты ауыстырылған кезде, жеке басты куәландыратын құжаттың (паспорт/жеке куәлік) түпнұсқасын және басшының қолы қойылған, клуб мөрімен куәландырылған көшірмесін ұсыну міндетті;

- әрбір ойыншының ТМТ көшірмесі;
- ойыншыларды жазатайым оқиғалардан сақтандыру туралы сақтандыру куәлігінің көшірмесі;

- ағымдағы жылы ойыншыларды медициналық тексеруден өткізген медициналық мекеме дәрігерінің қолымен және мөрімен куәландырылған әрбір ойыншыға арналған жүректің УДЗ көшірмесі;

- өтінім парағына сәйкес әрбір ойыншыға, жаттықтырушыға, клуб (команда) өкіліне, команда мамандарына арналған бір дана 3x4 см фотосурет (міндетті түрде клуб логотиптері бар бірыңғай формада).

4.4. Өтінім парағына клуб басшысы, ойыншыларды медициналық тексеруден өткізген медициналық мекеменің дәрігері қол қояды және тиісті мөрлермен куәландырылады.

Ескертпе: өтінім парақтары ҚФФ логотиптері бар, А4 форматында басып шығарылған түрде ресімдеуге қабылданады. Жарысқа қатысу үшін мәлімделген барлық ойыншылар ЭФБ-да «KFF-connect» платформасында тіркеуден өтеді.

4.5. Клубтардың өтінім/қосымша өтінім құжаттамасын ресімдеу ЭФБ үстеме анықтайтын және бекітетін кестеге сәйкес қашықтық режимде жүргізіледі. Өтінім құжаттамасын ресімдеу кестесін сақтамағаны үшін клубқа «ҚФФ-ның Тәртіптік регламентіне» сәйкес санкциялар қолданылады.

4.6. Ойыншыларды мәлімдемеден шығару және басшылық пен жаттықтырушылар құрамындағы өзгерістер клуб басшысының ресми хаты негізінде тіркеледі.

4.7. Әйелдер клубтарының Премьер-Лигасы арасындағы ҚР Чемпионатына қатысу үшін клуб командасының өтінім парағына енгізілген кез келген ойыншы, осы Ереженің талаптарын сақтай отырып, аталған команда құрамында Жарысқа қатысу үшін матч хаттамасына енгізілуі мүмкін.


4.8. Жарысқа қатысу үшін команданың өтінім парағына енгізілген ойыншылар бір спорттық маусым ішінде бір команда үшін екі рет мәлімделе алмайды.

4.9. ЭФБ белгілеген нысан бойынша толтырылған команданың өтінім парағына ойыншылардың шектеусіз санының тектері енгізіледі. Басшылық құрамның ең аз саны – екі адам. Өтінім парағын клуб басшысы, медициналық мекеме және тиісті аумақтық бірліктің ЖФФ куәландырады. Ойыншыларды қосымша мәлімдеу осы Ереженің талаптарына сәйкес қашықтық режимде жүргізіледі.

4.10. Қатысушы клубтар командалардың Жарысқа қатысуына байланысты барлық шығындарды өз мойнына алады.

4.11. Жарыстың белгілі бір туры өткізуші ұйымдастырушы клуб автокөлікті жалдау, Жарыс матчтары өткізілетін спорт ғимараттарын жалдау ақысын төлеу, сондай-ақ қызмет көрсетуші персоналдың, соның ішінде жедел медициналық жәрдем машинасының, медицина қызметкерлерінің, бейне-операторлардың жұмысы, қатысушы командалар тұратын жерлерде және Жарыс матчтарын өткізу орындарында қоғамдық тәртіпті күзетуді қамтамасыз ету (әрбір матчты өткізу кезінде кемінде 5 қызметкер) бойынша шығындарды және Жарыс матчтарын өткізуге байланысты өзге де шығындарды өтейді.

4.12. Жарысқа қатысушыларды марапаттау бойынша шығындарды, сондай-ақ басқа қаладан келетін төрешілерді іссапарға жіберу және төрелік еткені үшін ақы төлеу шығындарын ҚФФ өз мойнына алады:



- басқа қаладан келетін Жарыстың бас төрешісі мен төрешілеріне (барлығы 6 адамнан аспайды) Жарыс матчтары өткізілетін жерге дейін және кері қарай жол жүру ақысын төлеу бойынша;

- басқа қаладан келетін Жарыстың бас төрешісі мен төрешілерінің (барлығы 6 адамнан аспайды) заңнамада көзделген нормаларға сәйкес Жарыс матчтары өткізілетін елді мекенде болған уақытында тұруы және тамақтануы (соның ішінде жолдағы тәуліктік ақысы) бойынша.

4.13. Жарыс матчтарында сыйақы төлемдері келесі мөлшерде (бір матчқа шаққанда) жүргізіледі:

«Zhuldyz League»:

- Жарыстың бас төрешісі – 21 780 теңге;
- Жарыс хатшысы – 13 068 теңге;
- матчтың бас төрешісі – 60 984 теңге;
- төреші ассистенттері – 30 492 теңге (әрқайсысына).

«Balgyn League»:

- Жарыстың бас төрешісі – 12 000 теңге;
- Жарыс хатшысы – 4 000 теңге;
- матчтың бас төрешісі – 18 000 теңге;
- төреші ассистенттері (2 адам) – 9 000 теңге (әрқайсысына).

«Umit League»:

- Жарыстың бас төрешісі – 12 000 теңге;
- Жарыс хатшысы – 4 000 теңге;
- матчтың бас төрешісі – 12 000 теңге;
- төреші ассистенттері (2 адам) – 8 000 теңге (әрқайсысына).

4.14. Жарыстың белгілі бір кезеңін ұйымдастырушы клуб өз қызметкерлерінің арасынан немесе өзге тұлғалардан орындардағы іс-шараларды ұйымдастыруға жауапты тұлғаны анықтауға міндетті, ол келесі мәселелерге жауапты болуы тиіс:

- қатысушы командаларды, басқа қаладан келетін Жарыстың бас төрешісі мен төрешілерін күтіп алу-шығарып салу үшін, сондай-ақ тұратын жерінен Жарыс матчтары өткізілетін спорт ғимараттарына дейін және кері қарай көлікпен қамтамасыз ету. Бұл ретте тұратын жерлері Жарыс матчтары өткізілетін қаланың/елді мекеннің шегінде болуы тиіс;

- БЖФД және/немесе ӘФБ және/немесе Төрелік және инспекциялау департаментіне (ТжИД) жедел ақпарат беру мақсатында алдағы/өткен матчтың құжаттарын сканерлеу және басып шығару үшін Жарыстың бас төрешісіне интернетке қосылу мүмкіндігін, сондай-ақ компьютер (ноутбук) мен принтер ұсыну;

- төрешілер бөлмесінде сусындар мен жеміс-жидектердің болуын қамтамасыз ету;

- ойын күні қатысушыларды бір командаға кемінде 20 литр мөлшерінде бөтелкедегі (бір бөтелкенің көлемі 0,5 литрден аспауы тиіс) ауыз сумен қамтамасыз ету;


- қатысушы командалар тұратын жерлерде, сондай-ақ Жарыс матчтары өткізілетін орындарда қоғамдық тәртіпті күзетуді қамтамасыз ету (әрбір матчты өткізу кезінде кемінде 5 қызметкер);

- матчтарды өткізу үшін FIFA халықаралық стандарттарына сәйкес келетін кемінде 3 дана доп ұсыну.

5. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ ЧЕМПИОНДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ

5.1. Келесі жас санаттары бойынша Жарыста бірінші орын алған командаға тиісті атақтар беріледі:

- 2010-2011 ж.т. үлкен емес – «2026 жылғы маусымдағы «Zhuldyz League» қыздар командалары арасында футболдан Қазақстан Республикасының Чемпионы»;



- 2012-2013 ж.т. үлкен емес – «2026 жылғы маусымдағы «Balgyn League» қыздар командалары арасында футболдан Қазақстан Республикасының Чемпионы»;

- 2014-2015 ж.т. үлкен емес – «2026 жылғы маусымдағы «Umit League» қыздар командалары арасында футболдан Қазақстан Республикасының Чемпионы».

Команда дипломмен және естелік сыйлықпен, ойыншылар мен жаттықтырушылар – тиісті дәрежедегі дипломдармен және медальдармен марапатталады.

5.2. Жарыста әрбір жас санаты бойынша екінші және үшінші орын алған командалар дипломдармен, командалардың ойыншылары мен жаттықтырушылары тиісті дәрежедегі дипломдармен және медальдармен марапатталады.

5.3. Әрбір жас санатындағы Жарыстың үздік ойыншылары мен жаттықтырушылары келесі номинациялар бойынша: үздік жаттықтырушы, үздік қақпашы, үздік қорғаушы, үздік жартылай қорғаушы, үздік шабуылшы, үздік сұрмерген және әрбір жас санатындағы үздік ойыншы Төрешілер алқасымен анықталады және дипломдармен, естелік сыйлықтармен марапатталады.

6. НАРАЗЫЛЫҚТАРДЫ БЕРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

6.1. Наразылықтар ҚФФ-ның Бақылау, тәртіптік және этика жөніндегі комитетінің (бұдан әрі мәтін бойынша – БТЭК) отырысында қаралады. Наразылық матч өткізу бөлігінде «Футбол ойыны қағидаларын» сақтамауға және/немесе осы Ереженің талаптарын бұзуға байланысты фактілерге (әрекеттерге немесе әрекетсіздікке) қатысты берілуі мүмкін.

6.2. Қарауға қабылданбайды:

- уақтылы берілмеген наразылықтар;
- матч хаттамасында тіркелмеген наразылықтар;
- төрешіліктің сапасына қатысты наразылықтар.

6.3. Наразылықтың мазмұнында шағым беруге негіз болған себептер көрсетілуі, сондай-ақ осы Ереженің бұзылуына және/немесе «Футбол ойыны қағидаларының» қолданыстағы редакциясының сақталмауына байланысты мән-жайлар егжей-тегжейлі баяндалуы тиіс.

6.4. Команда жаттықтырушысы матч аяқталғаннан кейін бір сағаттан кешіктірмей наразылық беруге құқылы және бұл туралы Жарыстың бас төрешісі мен матчтың бас төрешісіне дереу хабарлауға міндетті. Наразылық беру фактісі (қысқаша мазмұны) матч хаттамасында көрсетіледі.

6.5. Қарсылас команданың өкілі наразылық берілгені туралы хабардар етілуі тиіс, бұл жөнінде матч хаттамасына тиісті жазба енгізіледі.

6.6. Команда жаттықтырушысы қол қойған, наразылық егжей-тегжейлі баяндалған өтініш матч аяқталған сәттен бастап 24 сағат ішінде электрондық пошта арқылы ӘФБ-ға жіберілуі тиіс.

6.7. Наразылық барлық материалдар келіп түскен сәттен бастап 7 жұмыс күнінен кешіктірілмей қаралады.

6.8. Наразылық беруге байланысты қажетті материалдарды клуб матч аяқталған күннен бастап 5 күнтізбелік күннен кешіктірмей немесе ӘФБ-ның талабы бойынша 24 сағат ішінде ұсынады.

6.9. Наразылықтың мазмұнын құрайтын мән-жайлар тиісті материалдармен, атап айтқанда: матч хаттамасындағы және Жарыстың бас төрешісінің рапортындағы жазбалармен, төрешілердің рапорттарымен, матчтың бейнежазбасымен немесе мән-жайларды объективті және толық зерттеуге ықпал ететін өзге де құжаттармен расталуы тиіс.

6.10. Наразылық берген лауазымды тұлғалар наразылықта көрсетілген мәліметтердің дұрыстығы мен объективтілігі үшін жауапты болады. Наразылықта жалған, бұрмаланған мәліметтер болған жағдайда, сондай-ақ матч хаттамасына наразылық беру туралы жазба енгізіліп, бірақ клуб ҚФФ-ға материалдарды жіберу бойынша кейінгі қажетті әрекеттерді жасамаса, БТЭК футбол клубына немесе наразылық берген тұлғаларға «ҚФФ-ның Тәртіптік регламентіне» сәйкес санкциялар қолданады.

6.11. Жарыс турына келген ойыншылардың мінез-құлқы үшін жауапкершілікті клубтар және/немесе жаттықтырушылар, және/немесе команда өкілдері өз мойнына алады.

6.12. Ойнаушы командалардың матчтың тоқтатылуына (бұзылуына) әкеп соқтырған тәртіпсіз мінез-құлқы жағдайында, Төрешілер алқасының шешімімен кінәлі командаға 0-3 есебімен жеңіліс, ал қарсылас командаға 3-0 есебімен жеңіс есептеледі.

6.13. Дәлелді себепсіз матчқа келмеген командаға Төрешілер алқасының шешімімен 0-3 есебімен жеңіліс, ал қарсылас командаға 3-0 есебімен жеңіс есептеледі. Дәлелді себепсіз матчқа қайта келмеген жағдайда, БТЭК шешімімен кінәлі клубқа «ҚФФ-ның Тәртіптік регламентіне» сәйкес санкциялар қолданылады.

6.14. Жарыстан шығарылған команда матчтардың жартысынан азын өткізген жағдайда, оның нәтижелері жойылады. Егер ол матчтардың жартысын немесе одан көбін өткізсе (Жарыстың әрбір кезеңі бойынша жеке), онда аталған командаға қалған матчтарда 0-3 есебімен жеңіліс есептеледі, ал қарсылас командаларға 3-0 есебімен жеңіс беріледі.

6.15. Белгіленген тәртіппен ресімделмеген немесе дисквалификацияланған (ойынан шеттетілген) ойыншының матчқа қатысқаны үшін, Төрешілер алқасының шешімімен командаға 0-3 есебімен жеңіліс, ал қарсылас командаға 3-0 есебімен жеңіс есептеледі.

6.16. Жарыс барысында төрт ескерту алған ойыншы автоматты түрде (шешім шығарусыз) келесі бір ойыннан шеттетіледі. Бір матчта 2 (екі) ескерту алған ойыншы БТЭК отырысының қарауына шығарылмай, автоматты түрде келесі бір ойынды өткізіп алады.

6.17. Алаңнан қуылған ойыншы келесі бір матчты автоматты түрде өткізіп жібереді. Ойыншылардың, команданың ресми тұлғаларының төреші матч хаттамасында белгілеген барлық «тікелей» алаңнан қуылған жағдайлары Төрешілер алқасының қарауына жатады, ол бұзушыны «ҚФФ-ның Тәртіптік регламентінде» көзделген матчтар санына ойыннан шеттетуге құқылы. Төрешілер алқасы БТЭК шешім қабылдағанға дейін бұзушыны ойыннан шеттетуге құқылы. Жарыс кезінде жасалған барлық өзге тәртіптік бұзушылықтар, соның ішінде командалардың ресми тұлғалары (жаттықтырушылар мен команда өкілдері) тарапынан жасалған бұзушылықтар БТЭК отырысында қаралуға жатады.

6.18. Төрешілер алқасының барлық шешімдеріне Төрешілер алқасы шешім шығарған күннен бастап және/немесе қаралып жатқан мәселе бойынша барлық қажетті материалдар келіп түскеннен кейін 3 жұмыс күні ішінде БТЭК-ке шағым жасалуы мүмкін.

6.19. Ереже шарттарының бірін орындамау немесе командалардың Жарыс матчтарына қатысудан бас тартуы кінәлі клубқа «ҚФФ-ның Тәртіптік регламентіне» сәйкес санкциялар қолдану мақсатында БТЭК отырысында қаралуға жатады.